КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылы 22 ақпан Іс №1912-24-00-2/34 Қонаев қаласы

Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Е.Д.Байбутаев
сот отырысының хатшысы Д.Туткабек отырып
сот ғимаратында ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны, БСН 990740002243

ЖАУАПКЕР:
«Радиолаб» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 220440003995

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор Уразбаев Н.
Талап қоюшы өкілі – Сағынтай Т.А.
Жауапкердің өкілі Сағал А.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 6 сәурдегі талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны және жауапкер «Радиолаб» жауапкершілігі шектеулі серіктістегінің арасында мемлекеттік сатып алу туралы шарты жасақталған.

Шарттың жалпы құны 4 150 907,04 теңге.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Шартың орындау мерзімі 2023 жылы 13 қыркүйегіне дейін болған.

Бірақ жауапкер өз міндеттерің жасалмаған.

Осыған байланысты талап қоюшы осы талап коюмен сотқа жүгінді.

Жауапкер қарсы пікір тапсырды жасбасша түрде.

Талап қоюшының өкілі сотта талап қою арызын толығымен қуаттап, жауапкерды мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы ретінде тану және тұрақсыз айыбын өндіруды сұрады.

Жауапкер өкілі соттың отырысында талап қоюмен келіспей, қарсы пікірде көрсетілген уәждерін айты, соттан талап коюдан бас тарту туралы өтініш білдірді.

Прокурор өз қорытысында талап қоюды қанағаттандыру туралы айтты, себебі жауапкер шарта көзделген міндеттерің орындалған жоқ.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы Азаматтық процесттік кодекстің /әрі қарай АПК/ 72-бабына сәйкес, әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277 баптарына сәйкес (әрі қарай-АК), міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

Сотта анықталғандай жауапкер өзіне алған міндеттерың толығымен орындалған жоқ.

Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің (бұдан әрі-АК) 359-бабына сәйкес жауапкер шарттық міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғандығы туралы сотқа қандай да бір дәлел ұсынған жоқ.

Жауапкер конкурске қатысқанда тауарлары болу керек, себебі шарт бойынша тауарларды 16 күнің ішінде олжеткізгені туралы міндет болған. Сонымен қатар 2023 жылдың аяғына дейін орындамады, осы уақыттана дейін талап қоюшы шартта көрсетілген тауарды алуға мүмкңн болған.

Сот, жауапкермен шарттық міндеттеменің орындалмау салдарынан талап қоюшы шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалғанын ескере отырып, талап қанағаттандыруға жатады деп санайды.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайлар негізінде, жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарт бойынша өз міндеттемесін орындамағандығын ескере отырып, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талаб қою арызын қанағаттандыруға жатады деп тұжырымдайды.

Құжатқа қол қойылған: Байбутаев Е. Д., 22.02.2024

Заңды күшіне енген күні: 21.05.2024, судья Байбутаев Е. Д., 29.05.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Ал, талап қоюшының екінші талабы, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы, жауапкердің еркін түрде өзі төлегеніне байланысты бас тартуға жатады.

Жоғары көрсетілген негіздеріне байланысты талап кою арзыы ішінара қанағаттандыруға жатады.

Сот шығындарын, жауапкер алдын-ала 2 512 тенге мөлшерде мемлекеттік баджы талап қоюшының атына төлегеніне байланысты 1 846 теңге мөлшерінде жергілкті бюджетке өндіруге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны жауапкер «Радиолаб» жауапкершілігі шектеулі серіктңстегіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою арызы ішінара қанағаттандырылсын.

«Радиолаб» жауапкершілігі шектеулі серіктңстегіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды.

«Радиолаб» жауапкершілігі шектеулі серіктңстегінің атынын жергілікті бюджетке сот шығындарын 1 846 /бір мың сегіз жүз қырық алты / теңге өндірілсін.

Талап қою аразы басқа бөлігінде бас тартылсын.

Сот шешіміне наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарына сәйкес Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Е.Д.Байбутаев**

Құжатқа қол қойылған: Байбутаев Е. Д., 22.02.2024

Заңды күшіне енген күні: 21.05.2024, судья Байбутаев Е. Д., 29.05.2024